

Бұқаралық ақпарат құралдарында жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың бірлескен біріктіріме есептерін жариялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Еңбек және халықты әлеуметтік ұлттық комиссиясының қорғау министрлігінің Жинақтаушы төрағасының зейнетақы қорларының қызметін 11.03.2001 ж. N 793 реттеу жөніндегі комитетінің төрағасының 11.03.2001 ж. N 23-П Бірлескен қаулы . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 12 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1464. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 178 қаулысымен.

Мүдделі тұлғалардың алдында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың қызметі туралы ақпарат ашу жүйесін жетілдіру мақсатында "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 41-бабы 2-тармағының 8) және 10) тармақшаларының және 55-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті (бұдан әрі "Комитет" деп аталады)

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Бұқаралық ақпарат құралдарында жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың бірлескен біріктіріме есептерін жариялау қағидалары бекітілсін (қоса берілді).

2. Осы Қаулының оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеген күнінен бастап қолдануға енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау департаментінің Инвестициялық қызметті реттеу басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол қолданылуға енгізілгеннен кейін) "Активтерді Басқарушылар Қауымдастығы" Қауымдастық нысанындағы Заңды тұлғалар бірлестігінің (оған осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу міндетін жүктеумен), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің назарына жеткізсін;

2) Комитеттің Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп берушілік басқармасымен бірлесе отырып осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

4. Комитеттің Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп берушілік б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол қолдануға енгізілгеннен кейін) жинақтаушы зейнетақы қорларының назарына жеткізсін;

2) Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау департаментінің Инвестициялық қызметті реттеу басқармасымен бірлесе отырып осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комитеттің Төрағасы

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 793, 11 наурыздағы N 23-П бірлескен қаулысымен бекітілген

Бұқаралық ақпарат құралдарында жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың бірлескен біріктірілме есептерін жариялау ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы Қағидалар мүдделі тұлғалардың алдында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі "Қорлар" деп аталады) және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың (бұдан әрі "Компаниялар" деп аталады) қызметі туралы ақпарат ашу мақсатында әзірленді және Қорлар мен Компаниялардың қызметі және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы туралы олардың тоқсан сайынғы бірлескен біріктірілме есебінің (бұдан әрі "Бірлескен есеп" деп аталады) құрамын, сондай-ақ оны қалыптастыру және жариялау тәртібін белгілейді.

1. Бірлескен есеп ағымдағы тоқсанның бірінші күнінің жай-күйі бойынша қалыптастырылады және осы тоқсанның бірінші айының ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында кемінде он бес мың дана болып таралатын газеттерде жарияланады.

2. Бірлескен есепті жариялау "Активтерді Басқарушылар Қауымдастығы" Қауымдастық нысанындағы Занды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі "Қауымдастық" деп аталады) арқылы жүзеге асырылады.

Қауымдастық осы Қағидалардың 1-тармағында белгіленген шарттарға және

жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және Қорлар мен Компаниялардың қызметі туралы ақпаратты әлуетті мүдделі тұлғалардың ең жоғарғы ықтимал саны алдында ашу принципіне сүйене отырып Бірлескен есепті жариялауға арналған газеттер тізбесін өзі дербес айқындауға құқылы.

3. Бірлескен есепке мынадай тараулар кіреді:

1) 1-тарау "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың тоқсандық есебі";

2) 2-тарау "Есепке түсіндірме";

3) 3-тарау "Жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу органдарының ақпараты";

4) 4-тарау "Көрнекі мәліметтер".

4. Бірлескен есептің 1-тарауына тікелей Қорлардың және Компаниялардың тоқсандық есебі және оларға осы Қағидалардың 1 және 2 қосымшаларындағы үлгілер бойынша тиісінше түсіндірмелер.

5. Бірлескен есептің 1-тарауын қалыптастыру үшін әрбір Қор ағымдағы тоқсанның бірінші айының он бесінші күніне дейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне (бұдан әрі "Комитет" деп аталады) өзі және өзінің қызметі туралы мынадай мәліметтер беруі керек:

1) зейнетақы төлемдерінің салымшылары/алушыларының саны (адам);

2) филиалдарының және өкілдіктерінің саны;

3) кастодиан-банктің атауы;

4) өз капиталының мөлшері (мың теңге);

5) төленген жарғылық капиталының мөлшері (мың теңге);

6) зейнетақы активтеріне қатысты міндеттемелерін: зейнетақы төлемдері, бас Қорларға аударымдар, Қордың және Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын Компанияның есептелген комиссиялық сыйақылары бойынша міндеттемелерді және басқа да ықтимал ұқсас міндеттемелерді шегеріп тастаумен Қордың зейнетақы активтері - "таза" зейнетақы активтерінің мөлшері (мың теңге)

7) Қор қызметі басталғаннан бастап өспелі қорытындысымен зейнетақы төлемдерінің сомасы (мың теңге).

6. Бірлескен есептің 1-тарауын қалыптастыру үшін әрбір Компания ағымдағы тоқсанның бірінші айының он бесінші күніне дейін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) өзі және өзінің қызметі туралы мынадай мәліметтер беруі керек:

1) өз капиталының мөлшері (мың теңге);

2) төленген жарғылық капиталының мөлшері (мың теңге);

3) қалыптастырылған резервтік капиталының мөлшері (мың теңге);

4) осы Қағидалардың 1-қосымшасының 2-бөлігінде көрсетілген қаржы құралдарының түрлері бойынша инвестицияланған зейнетақы активтерінің зейнетақы активтері осы Компанияның инвестициялық басқаруындағы Қорлар бойынша құрылымы (пайызбен);

5) зейнетақы активтері осы Компанияның инвестициялық басқаруындағы Қорлар бойынша ағымдағы жылдың басынан бастап өспелі қорытындысымен зейнетақы активтері бойынша табыстылық (жылдық пайыздармен).

7. Қорлардан және Компаниялардан осы Қағидалардың 5 және 6 тармақтарына сәйкес мәліметтер алуы бойынша Комитет және Ұлттық комиссия бес күн ішінде ұсынылған мәліметтердің Комитеттегі және Ұлттық комиссиядағы бар ақпараттарға сәйкес келуін тексереді (оның ішінде осындай ақпаратты бір-бірімен өзара салыстырып тексеру арқылы) және тексерістің нәтижесі бойынша :

1) Қорлардан және Компаниялардан алынған мәліметтерге ескертпелер жоқ болған кезде оларды жариялау үшін осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мәліметтерді қосымша бере отырып Қауымдастыққа береді;

2) ескертпелер бар болған кезде оларды ескертпелер бар мәліметтерді ұсынған Қорларға және компанияларға береді.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ескертпелерді алғаннан кейін Қор (Компания) оларды екі жұмыс күнінің ішінде жоюға және қайтадан тексеріс жүргізілгеннен және жанадан анықталған кемшіліктерді шұғыл жойылғаннан кейін осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мәліметтерді қосымша бере отырып жариялау үшін Қауымдастыққа берілетін түзетілген мәліметтерді Комитетке (Ұлттық комиссияға) ұсынуға міндетті.

9. Комитет және Ұлттық комиссия Қорлардан және Компаниялардан алынып, тексерілген мәліметтерге қосымша ретінде мынадай мәліметтерді Бірлескен есептің 1 және 3 тарауларында жариялау үшін Қауымдастыққа береді:

1) Бірлескен есептің 1-тарауында жариялау үшін - Қорлардың және Компаниялардың атауларын, Қор және Компаниялар иеленген лицензиялардың нөмірлері және берілген күндері, сондай-ақ Қорлардың және Компаниялардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі Қорлардың "таза" зейнетақы активтерінің мөлшері және Компанияның инвестициялық басқаруындағы "таза" зейнетақы активтерінің мөлшері бойынша үлестері (пайызбен);

2) Бірлескен есептің 3-тарауында жариялау үшін - жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу саласында өткен тоқсанда болған өзгерістер туралы ақпарат, оның ішінде қолдануға енгізілген нормативтік құқықтық актілер туралы, Қорларға және Компанияларға берілген және олардан қайтарылып алынған лицензиялар туралы, сондай-ақ Қорларға және Компанияларға берілген лицензияларды қолдануды тоқтата тұру және жаңарту туралы және Комитеттің

және Ұлттық комиссияның пікірі бойынша мүдделі тұлғалар үшін қызығушылық білдіретін жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу саласындағы өзгерістер туралы өзге де ақпарат.

10. Бірлескен есепті жариялауға арналған шығындарды қысқарту мақсатында Қауымдастыққа осы Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қорлардың және Компаниялардың атауларын беру кезінде Комитет және Ұлттық комиссия оларды аббревиатураларды және өзге де ықтимал тәсілдерді пайдалану арқылы қысқартады, бұл ретте Қорлардың және Компаниялардың біржақты біріздендірілуін қамтамасыз етеді.

Әртүрлі кезеңдердегі Бірлескен есептерді жариялау үшін Комитеттің және Ұлттық комиссияның Қауымдастыққа берген және әртүрлі кезеңдердегі Бірлескен есептерде жарияланатын мәліметтердегі бір Қордың (бір Компанияның) әртүрлі қысқартылған атауларын пайдалануға жол берілмейді (Қорлардың және Компаниялардың атаулары заңда белгіленген тәртіпте өзгертілген жағдайларды қоспағанда).

11. Бірлескен есептің 1 және 3 тарауларына арналған мәліметтерді Комитеттен және Ұлттық комиссиядан алғаннан кейін Қауымдастық Бірлескен есептің 2 және 4 тарауларына арналған өзінің ақпаратын қалыптастырады:

1) Бірлескен есептің 2-тарауында жариялау үшін - Қауымдастықтың Бірлескен есептің 1-тарауына мазмұнында зейнетақы активтері бойынша табыстылықтағы және инвестицияланған зейнетақы активтерінің құрылымындағы өткен кезеңдермен салыстыру бойынша өзгерістерге түсініктер бар түсіндірмелер, сондай-ақ Қауымдастықтың пікірі бойынша мүдделі тұлғалар үшін қызығушылық білдіретін өзге де ықтимал түсіндірмелер;

2) Бірлескен есептің 4-тарауында жариялау үшін - 1998 жылдың 01 қаңтарынан бастап өткен соңғы тоқсан бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа салымшыларының/алушыларының ақшалай жинақтары туралы графикалық және /немесе мәтіндік мәліметтер және осындай салымшының ақшалай жинақтарының 10, 20, 35 жылдан кейінгі болжамы (осындай ақшалай жинақтарды жиынтық зейнетақыларға және инвестициялық табыстың ақшалай жинақтарына бөлетіріп).

12. Осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасына сәйкес түсіндірмелерді жариялау кезінде Қауымдастық осы түсіндірмеге енгізілген ақпаратқа қатысты заңда белгіленген тыйым салулар мен шектеулерді сақтауы тиіс.

13. Көрнекі мәліметтерді Бірлескен есептің 4-тарауында жариялау үшін дайындау орташа еңбекақының және зейнетақы активтері бойынша табыстылықтың орташа деңгейінің нақты көрсеткіштеріне сүйене отырып "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның және мемлекеттік емес

жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы төлемдерінің орташа салымшылары/алушылары үшін жеке-жеке жүзеге асырылады.

14. Жарияланған Бірлескен есептің көшірмесі ол жарияланғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қауымдастықтың Комитетке және Ұлттық комиссияға беруіне жатады.

Ұлттық комиссияның Төрағасы Комитеттің Төрағасы
Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының
және Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін
реттеу жөніндегі комитетінің 2001 жылғы
11 наурыз N 793 бірлескен қаулысымен
бекітілген, N 23 - П
Бұқаралық ақпарат құралдарында жинақтаушы
зейнетақы қорларының және зейнетақы
активтерін басқару жөніндегі
компаниялардың бірлескен біріктірілме
есептерін жариялау қағидаларына

1-қосымша

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың [латынсандарымен] жылдың [римсандарымен] тоқсанындағы

ТОҚСАНДЫҚ ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 2001 жылғы ақпандағы N бірлескен қаулысына сәйкес жариялады

1-бөлім. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМПАНИЯЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Лицензия. Кастодиан- Филиал. Салымшы. "Таза" Өз капи. Төленген
ЗАБК/ЖЗҚ ның N банк дардың лардың зейнет. талының жарғылық
және бе. және саны ақы ак. мөлшері капитал.
рілген өкіл. (адам) тивтері (мың. дың мөл.
күні діктер. (мың. теңге) шері

		дің саны		теңге)		(мың.	
		теңге)					
А	Б	1	2	3	4	6	7

ЗАБК - ның			х	х	х		
атауы							

МЕЖЗҚ - ның							
атауы							

--	--	--	--	--	--	--	--

МЕЖЗҚ бойын.		х			х	х	
ша			жиыны :				

МЖЗҚ *							
--------	--	--	--	--	--	--	--

ЖЗҚ-ы бойын.		х	х		х	х	
ша			жиыны :				

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

ЗАБК-ның қалыптастырылған резервтік капиталының мөлшері (мың. теңге)	Зейнетақы төлемдерінің сомасы (мың. теңге)	Зейнетақы активтерінің жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі үлесі (%-бен)	Жыл басынан бастап өспелі қорытындысы мен зейнетақы активтері бойынша табыстылық (жылдық %-бен)
--	--	---	---

8	9	1 0	1 1
	x		x
		x	
x			x
x			x

* МЖЗҚ-на қатысты Комитет және Ұлттық комиссия берген лицензиялардың күнін және нөмірлерін көрсету қажет.

2-бөлім. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Инвестицияланған зейнетақы активтері (%-бен)			
ЖЗҚ	Қазақстан Республикасының Үкіметі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар
	Орта және ұзақ мерзімді	Қысқа мерзімді	ті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар
	теңге. шетелдік мен валютамен	теңге. шетелдік мен валютамен	теңге. шетелдік мен валюталық мен валютамен

М Е З Ж Қ - н ы ң
а т а у ы

· · · · ·

М Е З Ж Қ б о й ы н .
ш а ж и ы н ы :

М Ж З Қ

Ж З Қ - ы б о й ы н .
ш а ж и ы н ы :

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	Шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	Екінші деңгейдегі банктердегі депозиттік сертификаттар және депозиттер
--	---	--	--

теңге. шетелдік мен валютамен

теңгемен шетелдік валютамен

9 10 11 12 13 14

Қазақстан жөніндегі және халықты Жинақтаушы реттеу 11 б е к і т і л г е н , Бұқаралық зейнетақы активтерін компаниялардың есептерін 2-қосымша	Қазақстан жөніндегі наурыз N ақпарат қорларының басқару бірлескен жариялау	Республикасының комиссиясы Республикасының қорғау қорларының комитетінің 793 N құралдарында және жариялау	Бағалы Директоратының Еңбек министрлігі 2001 23 - П жинақтаушы зейнетақы жөніндегі біріктіріме қағидаларына	қағаздар және және қызметін жылғы қаулысымен 23 - П жинақтаушы зейнетақы жөніндегі біріктіріме қағидаларына
---	--	---	---	--

Т о қ с а н д ы қ

е с е п к е

ТҮСІНІК

1. ЖЗҚ - жинақтаушы зейнетақы қоры.
2. МЖЗҚ - "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы. МЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүргізеді және зейнетақы активтерін тек қана мемлекеттік бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге (екінші деңгейдегі банктердің депозиттік сертификаттарына) және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына инвестициялауға құқылы.
3. МЕЖЗҚ - мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры.
4. ЗАБК - зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания. Бұл ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге (екінші деңгейдегі банктердің депозиттік сертификаттарына) мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды және тізбесін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілейтін басқа да қаржы құралдарын орналастыру арқылы жүзеге асырады.
5. Кастодиан-банк - клиенттердің (оның ішінде ЖЗҚ-ның) сеніп берген бағалы қағаздарын және ақшаларын жауапкершілікпен сақтау және есеп жүргізу жөніндегі қызметті көрсететін банк.
6. Лицензия - тиісінше Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу

жөніндегі комитет немесе Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген, ЖЗҚ үшін зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі лицензия немесе ЗАБК үшін зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметті жүзеге асыруға
л и ц е н з и я .

7. Зейнетақы активтері - жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарынан және инвестициялық табыстан құралған қаражат.

8. "Таза" зейнетақы активтері" - ЖЗҚ-ның зейнетақы активтеріне қатысты міндеттемелерін (зейнетақы төлемдері, басқа қорларға жасалған аударымдар, ЖЗҚ-ның және ЗАБК-ның есептелген комиссиялық сыйақылары жөніндегі міндеттемелерді және басқа да осыған ұқсас міндеттемелерді) шегеріп тастағандағы зейнетақы активтері.

9. Зейнетақы төлемдері - пайдасына зейнетақы жарналары жүргізілген (жүргізілетін) жеке тұлғаларға ЖЗҚ-нан ақша төлеу (ЖЗҚ қызметі басталғаннан бастап өспелі қорытындысымен).

10. Өз капиталы - ЖЗҚ-ның немесе ЗАБК-ның олардың міндеттемелерін шегеріп тастағандағы өз активтері.

11. Резервтік капитал - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қабылдау жөніндегі міндеттемелердің уақытында орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ЗАБК құрады және зейнетақы активтерін басқару кезінде ЗАБК жіберген инвестициялық тәуекелдердің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуді қамтамасыз етуге қызмет жасайды.

12. Зейнетақы активтерінің табыстылығы - ЖЗҚ зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің құны негізінде есептелген табыстылық.

13. Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес бағалы қағаздары - Қазақстан Республикасы ұйымдарының "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның тізіміне "А" санаты бойынша енгізілген бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған).

